



Кешегі күні Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде оқу орнының Құрметті профессоры Сұлтан Досмағамбетов атындағы дәрісхана ашылды. Салтанатты жи-ынға Сұлтан Қаппарұлының туыс-тары, достары, бұрынғы әріптестері жи-налды. Дәрісхананы Сұлтан Дос-мағамбетов зайыбы Роза Құлжа-қаевамен бірге салтанатты түрде ашқан соң дөңгелек үстел өтті. Аталмыш оқу ордасының ректоры Арыс-тан Ғазалиев жиналғандар алдында құттықтау сөз сөйледі.

– Белгілі ғалым, қоғам қайраткері атындағы дәрісхана ашу туралы ойы-мызды 3-4 ай бойы жүзеге асырудың жолын іздедік. Бүге-шігесіне дейін ойластырылды. Себебі, Сұлтан Қап-парұлы сондай, әр іске аса мән беріп, мәселені аяқсыз қалдырмайтын адам. Жалпы, аймақтың тыныс-тірші-лігі ол кісінің назарынан тыс қалған емес,— деген университет басшысы естеліктерімен бөлісті.

Университеттің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі Нұрлан Смағұлов С.Досмағамбетовтің өмірі мен еңбегі жайлы толымды баяндама жасады. Одан кейін Сұл-тан Қаппарұлының өзі сөз алды. Ризашылығын білдірді.

– Осындай шара ұйымдастырып жатқан университет ректоры, ғылыми кеңеске, барлықтарыңызға алғыс айтамын. Мен мұнда келгенде 25-26 жаста едім. Қарағанды – көмірлі шаһар. Көмір өндірісі туралы ештеңе білмеймін. Сосын, бірнеше ай бойы шахталарды араладым, дәрістер мен жиналыстарға бардым, кітаптар оқыдым. Бүгінгі биігіме еңбектің арқасында жеттім. Жасап жатқан құрметтеріңізге үлкен рахмет,– деді аға.

Зейнолла Молдахметов, Татьяна Самойлюк, Гүлжан Бектембаева, Қасымбек Медиев сынды замандастары сөз алып, естеліктерімен бөлісті, жылы лебіздерін білдірді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев пен «Егемен Қазақстан» газетінің редакторы Сауытбек Абдрахмановтың сұхбат кітабында Елбасы Сұлтан Досмағамбетовтің өз тәжірибесімен, нақты ісімен, қолдауымен көмек көрсеткені жазылған.

Жансая ОМАРБЕКОВА.